

Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II-тарауының 1-бөліміне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 25 маусымдағы № 72 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 57-бабының 2-тармағына және 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің № 98-шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссиясы жұмысының регламентіне тіркелген № 2-қосымшаның 20-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасы шешті:

1. 2010 жылғы 28 мамырдағы Кеден одағы комиссиясының № 299-шешімімен бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II-тарауының 1-бөліміне қосымшаға сәйкес өзгеріс енгізілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап 180 күнтізбелік күн өткен соң, бірақ осы шешімнің қосымшасында көзделген ветеринариялық дәрілік заттарды енгізу бөлігінде "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентіне (КО ТР 021/2011) өзгерістер енгізуді көздейтін Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің шешімі күшіне енген күннен ерте емес күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасы төрағасының
міндетін уақытша атқарушы*

Б. Сұлтанов

2024 жылғы 25 маусымдағы
Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасының
№ 72 шешіміне
ҚОСЫМША

Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II-тарауының 1-бөліміне енгізілетін ӨЗГЕРІС

Көрсетілген бөлімге 4-қосымшаның 2-кестесі мынадай мазмұндағы 13 – 19-тармақтармен толықтырылсын:

"

		ет	0,1	альбендазол
		май	0,1	ретінде
		бауыр	1,0	көрсетілген
				альбендазол

13.	Альбендазол Albendazole	ірі қара мал, ұсақ мал	бүйрек	0,5	сульфоксиді, альбендазол сульфоны және альбендазол 2- аминосульфоны ның қосындысы
			сүт	0,05	
14.	Фенбендазол Fenbendazole	аквамәдениет объектісі болып табылатын балықты қоспағанда, өнімді жануарлардың барлық түрлері	ет	0,05	оксфендазол сульфонына дейін тотықтырылуы мүмкін алынған қалдықтардың қосындысы
			май	0,05	
			бауыр	0,5	
			бүйрек	0,05	
			сүт	0,01	
			жұмыртқа	0,65	
15.	Флубендазол Flubendazole	құс	ет	0,05	флубендазол мен (2-амин- 1Н-бензимидазо л-5-yl) (4- флуорофенил) метанонның қосындысы
			тері және май	0,05	
			бауыр	0,4	
			бүйрек	0,3	
			жұмыртқа	0,4	
		шошқалар	ет	0,01	
			тері және май	0,05	
			бауыр	0,01	
16.	Левамизол Levamisole	ірі қара мал, қой , шошқа, құс	ет	0,01	
			май	0,01	
			бауыр	0,1	
			бүйрек	0,01	
17.	Рафоксанид Rafoxanide	ірі қара	ет	0,03	
			май	0,03	
			бауыр	0,01	
			бүйрек	0,04	
		қой	ет	0,1	
			май	0,25	
			бауыр	0,15	
			бүйрек	0,15	
18.	Оксиклозанид Oxyclozanide	ірі қара мал, ұсақ мал	ет	0,02	
			май	0,02	
			бауыр	0,5	
			бүйрек	0,1	
			сүт	0,01	
19.	Пиперазин Piperazine	шошқалар	ет	0,4	
			май және тері	0,8	
			бауыр	2,0	
			бүйрек	1,0	

		құс	жұмыртқа	2,0	
--	--	-----	----------	-----	--

".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК